

Келісілді:
Ақмола облысы
денсаулық сақтау басқармасының
басшысы



Н.С.Ахильбеков

2023 жыл

Бекітемін:
ШЖҚ «Астрахан аудандық ауруханасы»
МКК бас дәрігері



Е.С.Құрманов

2023 жыл

ШЖҚ «Астрахан аудандық ауруханасы» МКК бойынша ақылы медициналық қызмет көрсету жөніндегі ереже.

1. Жалпы ережелер

1. Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Астрахан аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК – да (бұдан әрі – ұйым) ақылы медициналық қызмет көрсету туралы осы ереже (бұдан әрі-Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы медициналық және медициналық емес қызметтер көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Ақылы медициналық қызмет көрсетудің мақсаты халықтың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс көрсетілетін медициналық көмектің әртүрлі түрлеріне қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру, кәсіпорынның материалдық базасын нығайту, әлеуметтік дамыту және қызметкерлерді материалдық көтермелеу болып табылады.

3. Медициналық қызмет көрсетуге Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы берген 26.02.2018 жылғы № 18004198 мемлекеттік лицензияға және оның қосымшаларына сәйкес медициналық және дәрігерлік қызмет түрлері бойынша рұқсат етіледі.

4. Ақылы медициналық қызметтер көрсету мынадай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі (05.11.2022 ж. өзгерістерімен);
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-IV ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы (24.11.2022ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысы;
- ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы №ҚР ДСМ 170/2020 «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» бұйрығы;
- ҚР ДСМ 2020 жылғы 27 қарашадағы 210/2020; «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің тегін медициналық көмектің

Р

кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің құнын төлеу қағидалары» бұйрығы

5. Ұйым медициналық қызметті кепілдендірілген көлемдегі тегін медициналық көмек көрсету шеңберіндегі №1 қосымшаға сәйкес көрсетеді.

6. Ұйым медициналық қызметті ақылы негізде № 2 қосымшаға сәйкес көрсетеді.

7. Дәрі-дәрмектік қамту ККТМК шеңберіндегі бекітілген Тізімге сәйкес іске асырылады.

8. Ақылы медициналық қызмет көрсететін медициналық қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтер, мамандардың қабылдау кестесі № 4 қосымшаға сәйкес.

9. Ақылы медициналық қызмет көрсетуге қатысатын мамандардың еңбегіне ақы төлеу шарттық негізде айқындалады.

2. Ақылы медициналық қызмет көрсету тәртібі мен шарттары.

10. Ақылы медициналық қызмет көрсету келесі жағдайларда іске асырылады:

- Пациенттердің ынтасы бойынша диагностикалық және емдік көрсету кезінде, соның ішінде бастапқы медико-санитарлық көмек мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының жолдамасынсыз;
- Осы ереженің 18 тармағында көрсетілген санаттағы азаматтардан басқа, ККТМК тізіміне жатпайтын қымбат медициналық зерттеулерді өткізу кезінде;
- ККТМК тыс шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғаларға медициналық көмек көрсету кезінде;
- азаматтардың оқуға түсу және жұмысқа орналасуға арналған медициналық зерттеу кезінде;
- кәсіпорынмен келісім бойынша, соның ішінде өз еркімен медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету кезінде.
- Сәйкес жолдаманың болмауынсыз стационарлық емделу, сондай – ақ ККТМК тізіміне жатпайтын медициналық көмек көрсетуге ККТМК шеңберіндегі ем қабылдау кезінде;
- ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 28 ақпандағы № 175 бұйрығына сәйкес алдын ала және жыл сайынғы алдын ала қарауды жүргізу кезінде.

11. Ұйым бекітілген ішкі тәртіп, жұмыс кестесі, мамандардың қабылдау кестесіне сәйкес ақылы медициналық қызмет көрсетеді.

12. Бюджеттік қаражаттардың есебіне алынған медициналық жабдықтар, ақылы медициналық қызмет көрсету кезінде, кестеге сәйкес қолданылады (5 қосымша).

13. Ұйым денсаулық сақтау саласындағы өкілетті органмен бекітілетін диагностикалау және емдеу стандарттарына (хаттамаларына) сәйкес, олардың болмаған кезінде медициналық көрсеткіштер бойынша жалпықабылданған тәсілдемеге сәйкес, соның ішінде ақылы медициналық қызметтер көрсетеді.

14. Ұйым, сондай-ақ, тікелей қызмет көрсететін маман Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты:

- сапасыз медициналық қызмет көрсету кезінде;
- келісімнің шарттарын орындамау және дұрыс орындамау кезінде;
- пациенттің денсаулығына және өміріне зиян тигізген кезде;
- көрсетілген қызметтер үшін артық ақы алу;
- ККТМК жататын қызмет көрсеткенге ақы алу кезінде
- табыс алу мақсатында негізсіз диагностикалық және емдік амалдарды тағайындау, оның фактісі медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік органмен өткізілген тексеріс барысында анықталған кезінде.

15. Ақылы негізде медициналық көмек алған пациенттерге Денсаулық сақтау ұйымы: амбулаториялық-емханалық жағдайларда медициналық көмек көрсету кезінде тиісті

медицина қызметкерлерінің қорытындысын береді.

16. Пациенттерді ақылы негізде емдеуге жатқызу кезінде пациентпен шарт жасалады, онда стационарда болу қағидалары мен шарттары, емдеу құны мен оны төлеу тәртібі, Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі көрсетіледі.

3. Пациенттердің құқықтары және міндеттері.

16. Пациент құқылы:

- Оған медициналық көмек көрсететін медициналық жұмыскерлердің біліктілігі туралы ақпарат алуға;
- Емдеуші дәрігерден және бөлімше басшысынан денсаулық жағдайы, өткізілетін емдеу курсы, диагностикалау және емдеу мөлшері туралы ақпарат алуға;
- жүргізілген емнің сапасына және дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптама жүргізу үшін денсаулық сақтауды басқару органдарына, медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі органға, белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз медициналық сарапшыларға жүгінуге;
- Көрсетілген медициналық қызметтердің шығыны туралы ақпарат алуға;
- Осы ережеде қарастырылған жеңілдіктерді алуға.

17. Пациент міндетті:

- ұйымның жұмыс кестесін, ішкі тәртібін сақтауға;
- медициналық ұйғарымдарды орындауға;
- қоршаған ортаға қауіп төндіретін аурулардың болуы таралы айқын ақпаратты беруге;
- келісімнің шарттарын сақтауға;
- көрсетілген қызметтерге ақыны уақытылы төлеуге.

4. Азаматтардың жекелеген санаттары үшін жеңілдіктер туралы мәліметтер.

18. Қымбат зерттеулер, келесі санаттағы азаматтарға тегін жасалынады:

- 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, Ұлы соғыс ардагерлері және оларға теңес тұлғалар, мүгедектер, «Алтын алқа», «Күміс алқа», алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға;
- жұқпалы, сондай – ақ әлеуметтік – мағыналы аурулармен және қоршаған ортаға қауіп төндіретін аурулармен ауыраттындарға.

19. Ұйым сондай – ақ жеңілдіктер көрсетеді:

- аурухана қызметкерлеріне қызметтің құнынан 100 % мөлшеріндегі жеңілдіктер;
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері және мүгедектеріне, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, «Алтын Алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

20. Ерікті медициналық сақтандыру Қоғамының Сақтандыру компанияларымен жасалынған шарттарының аясында жүгінген пациенттерге, ақылы медициналық қызметтер жеке тұлғаларға арналған баға көрсеткіштері бойынша жеңілдіктер негізінде көрсетіледі.

Ақылы медициналық қызмет құнынан 20% мөлшеріндегі жеңілдік, пациенттің сол диагноз бойынша қайта жүгінген кезінде, стационардан шыққан күнінен бастап 3 айдың ішінде жасалынады.

Ақылы негізде сол диагноз бойынша алдыңғы амбулаториялық кеңес күнінен бастап күнгізбелік 10 (он) күн ішінде консультацияға қайта жүгінген пациенттерге қызметтер тегін көрсетіледі.

5. Ақылы негіздегі медициналық қызмет көрсетуді есептеу тәртібі.

21. Ұйым пациентке нақты көрсетілген қызметтер үшін, ал кәсіпорындарға - көрсетілген қызметтер үшін төлем шотын Шартқа сәйкес ұсынады.

22. Пациенттермен есеп – шот іске асырылады:

Қолма-қол ақшаны төлеу арқылы, ұйымның кассасына қаражат салу арқылы, бұл ретте пациентке міндетті түрде 2 бақылау – кассалық чек беріледі - біреуі пациентте қалады, екіншісі тікелей медициналық көмек көрсететін медициналық персоналға беріледі;

Ұйымның ағымдағы шотына аудару жолымен, банкілік деректемелеріне қолма – қол ақшасыз есептеу:

*ЖСК KZ51998JTB0000189737

БСК TSESKZKA

БСН 040440004480

«Цеснабанк» АҚ

23. Пациентке төленген сома немесе төленген сома мен көрсетілген қызметтердің құны арасындағы айырмашылық келесі жағдайларда қайтарылады:

- Қызметтердің толық көлемде орындалмағаны кезінде (пациенттен қызметтен бас тартуы себебінен, дербес емшаралар мен амалдарды жасауға қарсы көрсетілімдер болғанда, реактивтің болмауынан, медициналық аппараттың істен шығуынан, маманның болмауы және т.б. байланысты медициналық қызмет көрсетілмеген кезде).

6. Медициналық қызметтерді ақылы негізде көрсету бойынша есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі.

24. Медициналық құжаттама медициналық қызмет көрсету кезінде денсаулық сақтау саласының өкілетті органымен бекітілген формаларына сәйкес болуы тиіс.

Емхана есепке алу және есептілік үшін қажетті барлық деректемелерді көрсете отырып, қызметтерді тіркеу журналдарының нысандарын әзірлейді. Тіркеу журналдарын жүргізу бойынша жауапты тұлға тағайындалды.

25. Бухгалтерлік есеп пен есептілікті Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен есепке алу саясатына сәйкес ТМҚКК көрсету және ақылы медициналық қызметтер бойынша емхана бөлек жүргізеді.

7. Ақылы медициналық қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі.

26. Емхананың ақылы медициналық қызмет көрсетуден түскен қаражатты жұмсауы Денсаулық сақтау департаменті бекіткен шығыстар сметасының негізінде жүзеге асырылады.

27. . Көрсетілген ақылы медициналық қызметтерден түскен қаражат шығындарды өтеуге мынадай тәртіппен жіберіледі:

Ақылы медициналық қызмет көрсетуге тікелей қатысқан қызметкерлердің еңбек ақысына, сондай – ақ аурухананың әкімшілік персоналының қосымша ақшалық төлемдеріне – 40 %-ға дейін;

Шығышның орнын толтыруға 60 % - дан көп емес:

- өтемақы сипатындағы ақшалық төлемдеріне ;
- іссапарлық шығындарды төлеуге.
- дәрі-дәрмектерді, шығыс материалдарын және медициналық мақсаттағы өзге де

Д

- құралдарды сатып алуға;
- коммуналдық қызметтерді, байланыс қызметтерін, жылу, электр энергиясы, ғимарака күтім көрсету қызметтерін, көлік қызметтерін төлеуге;
- жабдықтар мен мүкәммалды, ғимараттарды күтуге және ағымдағы жөндеуге;
- кадрлардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға (ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттың жалпы көлемінің кемінде 5%);
- күрделі сипаттағы шығындарға ақылы медициналық қызметтер көрсетуден алынатын қаражаттың жалпы көлемінің 15% - ынан аспайды.
- Басқа да ағымдағы шығындарға

8. Басшының ақылы медициналық қызмет көрсетуге жауапкершілігі.

ШЖҚ «Астрахан аудандық ауруханасы» МКК бас дәрігері ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражатты қатаң түрде мақсатты пайдалану үшін жауап береді.

90